

УДК 338.43.02

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Г.С. СМАГУЛОВА

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент,

А.Г. ЖУМАГАЗИЕВА

аға оқытушы, MBA магистрі

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Авторлар, ауыл шаруашылығының бәсекелестік қабілетін арттыру, сала өнімдеріне артып отырған тұтынуды толық қанағаттандыру үшін ерекше өзекті мәселе деп атап көрсетеді. Мақалада аграрлық саланың бәсекелестік қабілетін анықтаудағы әртүрлі көзқарастар қарастырылған. Қазақстанның аграрлық секторын дамытудың қазіргі үрдістері талданған.

Авторы отмечают, что повышение конкурентоспособности сельского хозяйства для наиболее полного удовлетворения растущих потребностей в продукции отрасли приобретает особую актуальность. В статье рассмотрены различные подходы к определению конкурентоспособности аграрной сферы. Проанализированы современные тенденции развития аграрного сектора Казахстана.

The authors note that the increase of competitiveness of agriculture to most effectively meet the growing demands in production sector is of particular relevance. The article deals with different approaches to determining the competitiveness of agricultural sector. Current trends in the development of agricultural sector of Kazakhstan have been analyzed.

Тұтқалы сөздер: ауыл шаруашылығы, бәсекелестік қабілет, аграрлық стратегия, сабақтас және ілеспе салалар, өнімнің бәсекелестік қабілеті, үкімет саясаты, қайта өңдеу саласы.

Ключевые слова: сельское хозяйство, конкурентоспособность, аграрная стратегия, родственные и сопутствующие отрасли, конкурентоспособность продукции, политика правительства, перерабатывающая отрасль.

Keywords: agriculture, competitiveness, agricultural strategy, related and associated industries, competitive products, government policies, processing industry.

Ауыл шаруашылығы саласының экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда көптеген айырмашылықтары болғандықтан, оның бәсекеге қабілеттілігін талдау аграрлық саланың ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі. Сондықтан экономиканың басқа салаларының бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістерін ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін айқындауда қолдануға мүмкіндік бермейтін келесідей ерекшеліктер бар:

- аграрлық саланың төмен рентабельділігі;
- ұдайы өндірістік циклдің ұзақтығы және салынған қаражаттардың өзін-өзі ақтау мерзімінің ұзаққа созылуы;
- жалпы қосылған құнның төмен дәрежесі;

- табиғи-климаттық жағдайларға байланысты шаруашылық қызмет нәтижесін болжаудың қиындығы;

- экологиялық фактор – ауылшаруашылық өндірісі үдерісінде қоршаған ортаға зиян келтірілмеуі, сонымен қатар адам денсаулығына қауіпсіз өнім өндірілуі керек.

Экономиканың жағдайына қарамастан (байланысты) аграрлық саланың өніміне сұраныстың тұрақты өсуі саланың бәсекеге қабілеттілігіне оң ықпалын тигізеді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының сарашыларының пікіріне сүйенсек, ауылшаруашылығы саласындағы бәсекеге қабілеттілікті бағалауды компания деңгейінде жүргізген дұрыс, яғни аграрлық сала жағдайында – фермерлік шаруашылық немесе ауылшаруашылық ұйымдары. Ауыл

шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін компания деңгейінде бағалау құралы ретінде өндіріс факторларының жиынтық өнімділігін (*Total factor productivity*) қолдану ұсынылған. Бұл өндіріс факторлары шығынының бір бірлігіне есептелген өндірістің технологиялық және ұйымдастырушылық деңгейінің көрсеткішін білдіреді [1].

Аграрлық салада бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын алты негізгі факторлар тобын бөліп көрсетуге болады:

- аграрлық стратегия және саясат;
- жалпы мемлекеттік экономикалық шаралар;
- агроөнеркәсіптік кешеніндегі құқықтық жағдай және заңнамалық реттеу;
- ауылшаруашылық кәсіпорынының өзіндік шаралары;
- өндірістік-өткізу қызметінің нәтижелілігін қамтамасыз ететін факторлар;
- бәсекеге қабілеттілікті күшейтуді қамтамасыз ететін, шаруашылық жүргізудің әлеуметтік-экономикалық нәтижелері.

Бірқатар ғалымдар ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін келесідей факторларды ескеру керек деп есептейді: қолайлы топырақ-климаттық жағдайлар, білікті кадрлардың және еңбек ресурстарының жеткілікті болуы, ауылшаруашылық ұйымдарында мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы өнімдерінің терең өңделуі, инвестицияларды, инновациялық технологияны тарту мен материалдық-техникалық базаны жаңғырту, әлеуметтік-өндірістік инфрақұрылымды жетілдіру, сонымен қатар ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізу тәсілі ретінде қарастыру [2].

Ауылшаруашылық кәсіпорынының бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы оның өнімінің бәсекеге қабілеттілігі болып табылады. Сонымен бірге, өнімнің негізгі сипаттамасына оның сапасы, бағасы және оны сату жағдайы жатқызылады [3].

Сонымен, заманауи экономикалық әдебиеттерде ауыл шаруашылығының бәсекеге

қабілеттілігін бағалаудың бірыңғай тәсілі жоқ. Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар саны көп, ал олардың үлес салмағы елге, аймаққа және басқа да критерийлерге байланысты бәсекеге қабілеттіліктің жалпы мәнінде айтарлықтай ерекшеленеді. Сондықтан бәсекеге қабілеттіліктің нақты сандық бағасын жасау қиын. Дегенмен, әлемнің барлық елдерінде ауыл шаруашылығында әрдайым маңызды рөл алатын бәсекеге қабілеттіліктің бірнеше критерийлері бар. Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлардың көптігі және оны айқындауда бірыңғай тәсілдің болмауы аталмыш мәселені жан-жақты қарастыру қажеттілігін туындатады.

Біздің пікірімізше, М. Портердің ұсынған кәсіпорынның, салалар мен елдердің бәсекеге қабілеттілік жағдайларының жіктелісі қазіргі уақытта тәжірибеде қолдану үшін ең жарамдысы болып табылады, себебі, ол қабілеттіке әсер етуші факторлардың айтарлықтай көлемін қамтиды және толық түрінде талданған болып табылады.

Сондықтан ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігінің анықтаушы факторларды талдауда, осы саланы дамытудың заманауи үдерісі мен ерекшелігін қоса ескере отырып, М. Портермен ұсынылған жіктемені кеңейту мен жетілдіруді ұсынамыз. Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын факторлар жіктелісі төмендегі суретте көрсетілген.

Факторлардың әрбір тобына, олардың аграрлық салаға әсер ету ерекшелігін анықтау мақсатында жан-жақты тоқталу қажет деп есептейміз.

Өндіріс факторлары үшін жағдайлар. Топырақтық-климаттық жағдайлар ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігіне елеулі әсер ететіндігі сөзсіз. Сонымен қатар жауын-шашын, климаттық жағдайлар және басқа да табиғи құбылыстардың әсері де айтарлықтай болып табылады.

Өндіріс факторлары үшін шарттар:

- Топырақ: топырақ түрлері, құнарлылық деңгейі, егістік алаңы және ауыл шаруашылық жайылымдық жерлер ауыл шаруашылығын жүргізу үшін су ресурстарының болуы;
- Климаттық шарттар: климаттық зона, жауын-шашынның көлемі, басқа да табиғи құбылыстар;
- Еңбек ресурстары: квалификация, жұмыс күшінің болуы және құны, еңбек өнімділігі;
- Өндіріс құралдарының жағдайы: негізгі өндірістік қорлардың тозу деңгейі және механизациялау деңгейі;
- Капиталдың қолжетімділігі: несиелеу, инвестиция, лизинг;
- Саланың технологиялық және инновациялық әлеуеті;
- Инфраструктураның даму деңгейі

Тұрақты стратегия, құрылым және бәсекелестік:

- Стратегия: стратегиялық жоспарлау деңгейі, басқару сапасы, тұрақты даму бағыты, маркетинг;
- Құрылым: жеке ауылшаруашылық кәсіпорындары және саланы басқарудың ұйымдық құрылымы, салада кәсіподақтың болуы, ауылшаруашылық өнімін өндірушілердің мүддесін қорғауға қабілетті ауылшаруашылық ұйымдары және фермерлердің бірігуі;
- саладағы өнімнің жеке түрлерінің бәсекелестік жағдайы;
- саланың экспорттық әлеуеті және импорттық жағынан бәсекелестігі.

Сұраныс деңгейі: • Нарық сыйымдылығы; • Сатып алушылардың талап қоюшылығы және алдауы; • Сұраныс түрлері: тұтынушылар сұранысы, әрі қайта өңдеу үшін сұраныс, қайта сату үшін көтерме сұраныс, маусымдық сұраныс; • Тауар жеткізуші желінің дамуы; • Мемлекет тарапынан сұраныс.	АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ФАКТОРЛАР		Кездейсоқ жағдайлар: • Ауыл шаруашылық өнімдері үшін әлемдік нарықта баға конъюнктурасының өзгеруі; • Табиғат жағдайының болжамсыз өзгеруі.		
Сәйкес келуші және сабақтас салалар: • Бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық техникалардың өндірісі; • Тұқымдық материал мен өсімдікті қорғау үшін химиялық құралдар, тыңайтқыштар өндіру; • Аграрлық ғылымды дамыту (сұрыптау және генетика); • Жобалық және құрылыстық ұйымдар; • Көлік.	Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі: <table><tr><td> • Өзіндік құны; • Бағасы; • Тұтынушылық құндылығы; • Экологиялығы; • Тұтынушымен қабылдануы және танымдылығы; • Тауардың қолайлылығы (орамы); • МЕМСТқа және стандартқа сай келу. </td><td> • Органолептикалық көрсеткіштер; • Пайдаланудың нормативтік белгілері; • Тауарда ноу-хоудың болуы; • Құрамы; • Тауар - субституттердің болуы; • Бәсекелестерде балама тауарлардың болуы. </td></tr></table>		• Өзіндік құны; • Бағасы; • Тұтынушылық құндылығы; • Экологиялығы; • Тұтынушымен қабылдануы және танымдылығы; • Тауардың қолайлылығы (орамы); • МЕМСТқа және стандартқа сай келу.	• Органолептикалық көрсеткіштер; • Пайдаланудың нормативтік белгілері; • Тауарда ноу-хоудың болуы; • Құрамы; • Тауар - субституттердің болуы; • Бәсекелестерде балама тауарлардың болуы.	Үкімет саясаты: Меншіктің басым формасы және жер меншігіне қатынасты бақылау; • Ауыл шаруашылығы саласындағы қызметке құқықтық бақылау; • Аграрлық стратегия және саясат; • Экономикалық шаралар: салық салу, мемлекеттік қолдау, мемлекеттік сатып алу және субсидиялау, сыртқы саудасаттық шаралары; • Сыртқы саяси және сыртқы экономикалық шаралар.
• Өзіндік құны; • Бағасы; • Тұтынушылық құндылығы; • Экологиялығы; • Тұтынушымен қабылдануы және танымдылығы; • Тауардың қолайлылығы (орамы); • МЕМСТқа және стандартқа сай келу.	• Органолептикалық көрсеткіштер; • Пайдаланудың нормативтік белгілері; • Тауарда ноу-хоудың болуы; • Құрамы; • Тауар - субституттердің болуы; • Бәсекелестерде балама тауарлардың болуы.				

Сурет. Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын факторлар

Аграрлық сектор дамуының заманауи үдерістері ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде топырақтық-климаттық жағдайлардың маңызды әсеріне қарамастан, жаңа технологияларды енгізу мен саланың инновациялық әлеуетін жүзеге асыру арқасында бұл фактордың әсері біртіндеп төмендеп бара жатқандығын айқындап отыр.

Ауыл шаруашылығында заманауи технологияларды енгізу қазіргі уақытта білікті жұмыс күшінсіз мүмкін емес. Заманауи технологияларды қолдану мен механизациялаудың жоғары деңгейі және білікті жұмыс күші, сонымен қатар негізгі құралдардың тозуының төмен болуының үйлесуі еңбек өнімділігінің өсуіне айрықша әсер етеді. Бұл жағдайда тиімділіктің индикаторы ретінде бір жұмысшыға есептегендегі ауыл шаруашылығында қалыптасатын қосылған құн көлемі саналады. Дүниежүзілік банктің мәліметтері көрсеткендей, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығында заманауи технологияларды қолданатын және механизациялаудың жоғары деңгейіне ие дамыған елдер дәстүрлі көшбасшылар болып табылады.

Дамыған елдердегі ауыл шаруашылығы дамуының заманауи үрдісі біліктілігі жоқ жұмыс күшінің бұл саладағы жұмысбастылығының төмендеуін көрсетіп отыр. Технологиялық жабдықталу деңгейінің тұрақты түрде жоғарылауы егін және мал шаруашылығындағы қол еңбегінің ығыстырылуына алып келеді.

Ұдайы өндірістік циклінің ұзақ мерзімімен ерекшеленетін аграрлық салада арзан несиелік ресурстардың қолжетімділігі мен инвестиция тарту мүмкіндігі де ерекше рөлге ие болады.

Тұрақты стратегия, құрылым және бәсекелестік. Стратегиялық жоспарлаудың заманауи әдістерін енгізу, болашақта сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті өнім алу үшін қазіргі уақытта қандай салымдар салу керектігін алдын-ала болжау қабілеті, ұйым қызметінің күшті және әлсіз жақтарын сауатты талдау – осы аталған барлық факторлар ұзақ мерзімді келешекте бәсекеге қабілеттілікке үлкен әсерін тигізеді. Өнімнің құнын жоғарылатуға және сату көлемін ұлғайтуға мүмкіндік беретін, күшті брендті жасауды басты назарға қоятын ойласты-

құбылыстарға қарсы тұра алатын жаңа түрлері мен будандары іске қосылып отырады.

Сабақтас және ілеспе салалар. Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілік деңгейіне туыстас және ілеспе салалардың келе-сідей өнім түрлері әсер етеді: өсімдіктерді қорғау үшін химиялық құралдар мен тыңайтқыштар; ауыл шаруашылығы техникасы, құстар мен жануарлардың жаңа тұқымдары, ветеринарлық препараттар, тұқымдық материал, аграрлық ғылымның жетістіктері. Осы салалардағы ғылым мен зерттеулерге жұмсалатын шығындар соншалықты көп болғандықтан, бәсекеге қабілетті өндірушілер трансұлттық корпорациялар болып табылады. Осыған байланысты әлемнің көптеген елдері ауыл шаруашығы саласының бәсекелестік деңгейін жоғары ұстап тұру үшін осы корпорациялардың өндірген өнімдерін импорттауға немесе оның еншілес компанияларынан сатып алуға мәжбүр. Біздің ойымызша, егер елде тарихи тұрғыдан ауыл шаруашылығын жүргізу үшін қажетті өнімді тиімді өндіру қалыптаспаса, мұндай өнімді импорттау үшін қолайлы жағдай жасау немесе елде өндірісті құру үшін трансұлттық корпорацияларды ынталандыру тиімдірек болып табылады. Капиталды және ғылымды көп қажет ететін салаларда тарихи алғышартсыз өзіндік бәсекеге қабілетті өндірісті құру қиындық туғызады.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі саланың бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді деген пікір талас туғызады, біріншіден, көп жағдайда керісінше дұрыс болады: бәсекеге қабілетті сала бәсекеге қабілетті өнім шығарады. Дегенмен, бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие өнімнің жеке түрінің болуы сатып алушылардың осы салаға түзу ниетін қалыптастырады. Мұндай өнімді сату арқасында өндіруші өнімнің басқа түлерін өндіру үшін табыс табады, оны өндіруге қажетті шикізатқа сұраныс артады. Оның нақты мысалы ретінде француздық шарапты немесе швейцариялық ірімшікті алуға болады. Бұл өнімдер әлемнің барлық дерлік елдерінде сұранысқа ие бола отырып, олар жасалатын (жүзім, сүт және т.б.) шикізатқа сұранысты арттырады.

Үкімет саясаты. Үкіметтің іс-әрекеттері экономиканың барлық салаларының бәсекеге қабілеттілігіне белгілі бір әсерін тигізеді. Ауыл шаруашығы барлық салалардың ішіндегі «осал» сала қатарында болғандықтан, яғни қызмет көрсету саласындағыдай қосылған құнның жоғары деңгейі қалыптаспайтындықтан, ал егін және мал шаруашылығында өндірілген өнімдер азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, елдің экономикалық қауіпсіздігіне маңызды рөл атқаратындықтан, әлемнің көптеген елдерінде арарлық сала мемлекет тарапынан

Кездейсоқ жағдайлар. Ауыл шаруашылығы – болжамсыз өзгерістердің әсеріне барынша тап болатын экономика саласы. Осыған байланысты, дамудың заманауи үдерістері аграрлық саладағы тәуекелдің барлық түрін барынша азайтуды көздейді. Мысалға, бағалық тәуекелділікті төмендетудің құралы ретінде өндірілетін өнімге форвардық және фьючерстік келісімдер жасау, биржалық сауданың басқа құралдары, сонымен қатар, үкімет шаралары қарастырылады.

Ауылшаруашылық өндірушілері құрғақшылық және ауылшаруашылығы дақылдарының шықпай қалу тәуекелін сақтандыруды көбірек ойластырады. Өсімдік және мал шаруашылығына заманауи технологияларды енгізу саланың табиғи-климаттық жағдайға тәуелділігін төмендетеді. Әрдайым өсімдіктердің құрғақшылыққа төзімді, суыққа төзгіш, шіріктерге тұрақты және басқа да жағымсыз

үлкен қолдауға ие. Қолдау шаралары, ең алдымен субсидиялау, сонымен қатар, ауыл шаруашылығымен айналысу үшін жағымды экономикалық алғышарттар жасау: салықтық саясат, қаржылық ресурстардың қолжетімділігі, импортты тарифтік және тарифтік емес реттеу. Жерге меншік мәселелерін реттеу де маңызды рөлге ие. Егістік жерлер мен ауылшаруашылық алқаптарға меншік құқығын алу мүмкіндігі болған жағдайда аграрлық саланың инвестициялық тартымдылығы едәуір жоғарылайды.

Осығын орай, аграрлық саланың бәсекеге қабілеттілігі көптеген факторлармен анықталады және оларды жеті топқа бөліп көрсетуге болады: өндіріс факторлары үшін жағдайлар, тұрақты стратегия, құрылым және бәсекелестік, сұраныс деңгейі, кездейсоқ жағдайлар, сабақтас және ілеспе салалардың даму деңгейі, үкімет саясаты және өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігі.

Қазақстанның экономикалық дамуының маңызды факторы болып республика экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейінің көтерілуі, оның ішінде -- аграрлық сектордың өсуі табылады. Бірақ, мемлекеттегі ауыл шаруашылығы саласының дамуының оң үрдісіне қарамастан, аграрлық сектор республикадағы ЖІӨ-нің 8%-ын ғана қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге төмен қабілеттілігі салдарынан, мемлекеттің ішкі нарығында негізгі тамақ өнімдерінің жоғары импорты жоғары болып отыр (40 пайызға жуық). Әрине, ауыл шаруашылығы өнімдерінің кейбір түрлері бойынша белгілі бір дәрежеде импортты сақтау ассортиментті кеңейту үшін қажет, алайда БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) халықаралық міндеттемелерімен ұсынылатын бұл көрсеткіш жалпы тұтыну көлемінің 16%-ын құрауы керек, ал Қазақстанда бұл көрсеткіш ішкі нарықтағы өнімдердің жалпы көлемінен 20% құрайды.

Импорттың жоғары көлемінен басқа, қазіргі таңда аграрлық салада көптеген басқа да келеңсіз мәселелер орын алуда. Атап айтқанда, республикамыздағы мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жеке қосалқы шаруашылықтардың жағдайына тікелей байланысты, ал бұл салада негізінен жоғары өнімді техника қолдану, жаңа технологияларға қол жеткізу мүмкіндігі шектеулі, сол себепті әлі күнге дейін экстенсивті, өнімділігі төмен қол еңбегі қолданылады. Жеке шаруашылықтарда, әдетте шағын ғана мал басы ұсталады. Тіпті, 80% шаруа қожалықтары тек 10-ға дейін ғана ірі қара мал басын ұстайды, ал қой саны 100-ден аспайды. Мұндай шағын көлемдегі, бөлшектенген шаруашылықтар кеңейтілген өндіріспен айналыса алмайды, және олардың

өнім көлемін көбейтуге, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндіктері болмайды.

Бөлшектенген шаруашылықтың тағы бір теріс зардаптары ретінде әлсіз жем-шөп базасын, асылдандыру жұмыстарының жоқ болуы, мал мен құстардың төмен өнімділігін атауға болады. Қазіргі бар мал басын күту мен жем-шөп базасы үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз етілген жағдайда, мал шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерін өндіруге мүмкіндік туады. Тауарлы шаруашылықтардың төмен төлем қабілеттілігі салдарынан асыл тұқымды өнімдерге сұраныстың жоқтығы, сонымен қатар асыл тұқымды мал шаруашылығы саласының мемлекет тарапынан жеткілікті қаржылық қамтамасыз етілмеуі, осы саладағы шаруашылықтардың банкротқа ұшырауына алып келді. Осының нәтижесінде, асыл тұқымды мал басы тауар ретінде қолданыла бастады. Сонымен қатар, құнды тектік қордың, әсіресе сирек және шағын көлемді тұқымның жойылу қаупі туындап отыр. Мал аурулары мен індеті мәселесі де қазіргі таңда үлкен мәселеге айналууда.

Қазақстанда реформа жылдарында жем-шөптік дақыл үшін егістік алқаптарының 7,5 млн. гектардан 2,8 млн. гектарға дейін қысқаруы, көпжылдық және біржылдық, бұршақты және дәнді дақылдарды өсіруден мәжбүрлі түрде бас тарту, пішіндемелер мен сүрлемелерді үй мен шағын көлемді шаруашылық жағдайларында әзірлеу бойынша арнайы техникалардың жетімсіздігі, азық дайындайтын құрылымдарда технологиялық талаптардың сақталмауы жануарларды азықтандыру рациондарының нәрлілік құндылығының күрт төмендеуіне алып келді. Мал басы мен құстар үшін дән азықтарының рационалды емес дайындалуы, құрама азықтарды қажет көлемде және арнайы рецептура бойынша дайындаудың мүмкіндігінің болмауы бұл жағдайды тағы да ауырлата түсті.

Бірақ, кеңес заманындағыдай ғылыми негізделген мамандануды, егіс айналымын, мал шаруашылығы үшін тиімді «азық циклін» қамтамасыз ету қазіргі аграрлық саладағы активтерді бөлу жағдайында қиынға соғатыны анық. Жоғарыда атап өткендей, «астықтық емес» салалардағы өндірістің үлкен бөлігі шағын тауарлы жеке шаруашылықтармен жүргізіледі. Ал астық өндірісінде негізгі қуаттар мен миллиондаған гектар егістіктер үлкен холдингтердің қарамағында. Көптеген аймақтар үшін астық моно дақылға айналды, ал бұл өз кезегінде егіс айналымдарының ғылыми циклін бұзады, оның үстіне астық бітік жылдары артық өндіру жағдайына алып келеді. Жалпылама түрде айтқанда, аграрлық сала ұзақ мерзімді жоспарлау тұрғысынан үйлестірілмеген. Мемлекеттің астықты аймақ-

тарында астық егістерінің көлемі соңғы жылдардағы орташа көрсеткіштен бір жарым есеге жоғары. Бұл ғылыми тұрғыдан бекітілген жерді пайдалану нормативтерінің бұзылуына алып келді. Осының салдарынан, Қазақстан майлы дақылдар, жеміс-жидек бойынша импортқа тәуелді және ерте пісетін көкөністердің күрт жетіспеуі байқалуда.

Өңдеуші сала ішінде де көптеген шешілмеген мәселелер орын алуда. Өнеркәсіптік өңдеудің төмен деңгейі және өңдеуші кәсіпорындардағы қуаттардың толық жүктелмеуі ең негізгі мәселелер қатарында. Ауыл шаруашылығында өндірілетін өнімдердің 80%-ы өңдеусіз шикізат ретінде өткізіледі, ал дайын өнім өңдеуші өнеркәсіптердің технологиялық артта қалуынан бәсекеге қабілеттілігі төмен. Өнеркәсіптік өңдеудің төмен деңгейі және өңдеуші кәсіпорындардағы қуаттардың толық жүктелмеуінің негізгі себептерінің бірі кәсіпорындардағы негізгі қорлардың тозуы болып табылады. Нақты айтқанда, аграрлық саладағы негізгі қорлардың тозуы 48%-дан асып отыр.

Қазіргі кезеңде, аграрлық салалардағы өңдеуші цехтар 60% жүктелген, олар үшін өнімдерді негізінен шағын шаруашылықтар жеткізеді немесе цехтардың өзі өңдеумен айналысады. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметтері бойынша, Қазақстанда 200 сүт өңдеуші кәсіпорындар бар, олардағы 90% сүт жеке шаруашылықтарда өндіріледі. Осыған ұқсас жағдай ет өнімдерін дайындау саласында да байқалады – мал жемдейтін ірі кешендер ет өңдеу үшін шикізатты қамтамасыз ету құрылымының 14% құрайды, қалғандары жеке шаруашылықтармен жеткізіледі.

Өнеркәсіптік өңдеудің төмен деңгейі, тозған және моральдық тұрғыдан ескірген жабдықтар бәсекеге қабілетті өнім дайындауға қауқарсыз. Соңғы жылдары бұл мәселе ерекше маңыздылыққа ие, себебі нарыққа түсетін отандық азық-түлектердің сапасының төмендігі байқалуда. Мұндай факторлардың орын алуы, бірінші кезекте азық-түлік сапасын мемлекет тарапынан бақылау мен қадағалаудың жеткілікті дәрежеде болмауынан туындап отыр. Сондықтан, бұл мәселе тұтыну өнімдерінің сапаларының функционалды көрсеткіштері бойынша азық-түліктің қауіпсіздік жүйесін ұйымдастыруды талап етеді.

Республика экономикасының аграрлық секторындағы маңызды мәселенің бірі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдауға бағытталған бюджеттік қаражаттардың сәйкес игерілмеуі болып табылады. Бұл қауіпті үрдістің сақталуы кәсіпорындарды озық технологияларды орнату, жабдықтарды жаңартудағы кедергілерге алып келіп, еңбек өнімділігінің төмендеуіне, өнімнің өзіндік

бағасының өсуіне, және нәтижесінде аграрлық сектордың жалпы бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне алып келеді. Сол себепті, аграрлық секторға бағытталған мемлекет қаражатының игерілмеуіне әкімшілік жауапкершілік бойынша шаралар қолданылуы керек.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін мемлекеттік қолдау құрылымындағы шаралардың бөлігі (дотация, субсидия) өте төмен деңгейде – 35%, ал АҚШ-та бұл көрсеткіш 44% құраса, ЕО-да – 88% шамасында. Аграрлық саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша шаралар қолдану отандық тауар өндірушіні мемлекеттік қолдаусыз, республика Үкіметімен тиімді бюджеттік, кредиттік және салықтық саясаттың жүргізілуінсіз мүмкін емес.

Қазіргі таңда, мемлекет аралық кластерлерді құру және дамыту өте өзекті болып табылады, бұл, өз кезегінде, салықтық, тарифтік және кедендік саясатты жетілдіру арқылы өндірістік тізбекте мемлекеттің белсенді қатысуын білдіреді. Республика экономикасын кластерлік дамыту механизмі ауылшаруашылық кәсіпорындарының және олардың өндіретін өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін көтерудің маңызды факторы болып, экономиканың аграрлы секторына инвестициялардың белсенді тартылуы мен озық технологиялардың ендірілуіне ықпал етіп, және жаңа жұмыс орындарының пайда болуына көмектеседі.

Аграрлық секторға отандық және шетелдік инвестицияларды тарту маңызды болып табылады. Ол үшін инвесторларға тиімді жағдайлар жасау мақсатында сәйкес заңнаманы жетілдіру бойынша шаралар қабылдау керек. Аталған жағдайларды жүзеге асыру жағымды инвестициялық климаттың қалыптасуына жәрдемдеседі.

Салықтық саясат саласында кәсіпорындардың қызметін және озық технологиялардың ендірілуін ынталандыратын салық салудың жүйесін жасақтаған дұрыс. Тарифтік саясат саласында аграрлық өнімдерді тасымалдауға мерзімдік жеңілдіктер енгізу қажет.

Мал шаруашылығында қазіргі таңда бірқатар шаралар жүзеге асырылуда: сүт, сиыр, шошқа, қой, құс еті мен жұмыртқаларды өндіруде құрама жем бағасын субсидиялау жүргізілуде. Сонымен қоса, ет, өсімдік майы, қант және күріш секілді бірінші қажеттілікті тауарлар бойынша тұрақты қорлар ұйымдастырылды. Мемлекеттік ресурстардағы астықтың қоры 1 млн көлемінде қалыптастырылған. Мемлекет басшысы 2016 жылы 60 мың тонна ет өнімін экспорттау бойынша міндетін қойған болатын. Бұл мақсатқа жету үшін бюджеттен 130 млрд. теңге қаражат бөлінді, нәтижесінде ауылды жерлерде



20 000 жаңа жұмыс орындарын ашу көзделген.

Аграрлық саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша аталған шараларды жүзеге асыру Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуіне және еліміздің 30 бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына кірудегі стратегиялық міндеттерді орындауға жағдай туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Бляхман Л.С. Чернова Е.Р. Агроиндустриальная политика в инновационной экономике в условиях ВТО //Проблемы современной экономики. – 2012. - №4 (44). - С.24.

2 Аубакирова Ж.Я., Маженова Н.А. Конкурентоспособность агропромышленного комплекса Казахстана в современных условиях//Вестник КазНТУ.– 2014.-№4.-С.496-502.

3 Сулейменов Ж.Ж. Управление аграрным сектором Казахстана в условиях рыночной экономики.- Алматы: Бастау, 2011. - С.20.

